- [5] Muntz. R.R: Analytic modeling, of interactive systems. Proc. IEEE, 2015, V.63, n.6, p. .946-953.

REFERENCES

- [1] Shabanov, A.P. (2013). *Metody, modeli i tekhnicheskie resheniya po povysheniyu effektivnosti funkcionirovaniya vychislitelnykh kompleksov i kompyuternykh setej* [in Russian: Methods, models and technical solutions for improving the efficiency of computer systems and computer networks] *Doctor's thesis*. Moskva.
- [2] Konnov, A. L. (2013) *Metody rascheta pokazatelej proizvoditelnosti setej EVM s neodnorodnym trafikom: monografiya* [[in Russian: Methods for calculating performance indicators of computer networks with heterogeneous traffic] Orenburg
- [3] Luzheckaya P.A. (2017) *Matematicheskie i imitacionnye modeli sluchajnykh processov s diskretnym vremenem, raschet teletrafika i optimalnykh strategij* [in Russian: Mathematical and simulation models of random processes with discrete time, the calculation of telegraphic and optimal strategies] *Candidate's thesis*. Rostov-na Donu.
- [4] Bahareva N.F. (2017) *Аппроксимативные методы и модели массового обслуживания для исследования компьютерных сетей* [in Russian: Approximation methods and models for queueing for the study of computer networks] Penza: Universitetskaya kniga.
- [5] Muntz. R.R: Analytic modeling, of interactive systems. Proc. IEEE, 2015, V.63, n.6, p. .946-953.

МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ СЕТЕЙ И ИХ КОМПОНЕНТОВ

Кулмагамбетова Жумажан Калдыгуловна, к.т.н., доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан, kulma_zh@mail.ru

Мусина Алла Александровна, магистр т.н., Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан, alla_musina@mail.ru

ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Кулмагамбетова Жумажан Калдыгуловна, т.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан, kulma_zh@mail.ru

Мусина Алла Александровна, т.ғ.магистрі, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан, alla_musina@mail.ru

Андатпа. Мақала жергілікті желі жұмысының көрсеткіштерін есептеу әдістерін зерттеу, сипаттау және әзірлеуге арналған. Мақалада сонымен бірге біртекті емес трафикке ие компьютерлік желінің тиімді жұмысының негізгі аспектілері мен қағидалары көрсетілген. Авторлар зерттеуде әртүрлі математикалық модельдерді және имитациялық модельдеуді қолданды.

Түйінді сөздер: жуықтау әдістері, модельдеу, желінің тиімділігі, маршрутизаторлар, мультисервистік желілер, желілік трафик, желі өнімділігі.

The Bulletin of Kazakh Academy of Transport and Communications named after M. Tynyspayev
ISSN 1609-1817. Vol. 114, No.3 (2020), pp.197-206

INFLUENCE OF CLIMATE FACTORS ON THE EFFICIENCY OF PHOTOVOLTAIC MODULES

YErkin KHidolda, Cand.Sci.(Eng.), associate Professor, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, y.khidolda@satbayev.university.

Kenzhegul ZHonkeshova Seysenbekovna, Master (Eng.), 2nd year doctoral student in the specialty 6D071800 - Electrical engineering, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, zhonkeshovaks@gmail.com.

Abay Karaman, Master (Eng.), 1st year doctoral student in the specialty 8D07112 - Electrical engineering, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, abay.karaman@gmail.com.

Zhasulan Amangeldi, 1st year undergraduate in the specialty 7M07113 - Electrical engineering and power energy, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, zhasulan_1508@mail.ru

Abstract. The pace of development of solar energy in the world allows it to create and improve highly efficient solar power plants, since it can compete with modern traditional energy facilities.

To improve the efficiency of photovoltaic modules (FVM) and the solar power plant as a whole, it is necessary to monitor the operation of the installation, to identify factors affecting the operation. An important factor is environmental factors and climatic conditions affecting the operation of the FVM.

In this paper, the influence of climatic factors on the performance of PV modules is considered, such as: solar radiation or illumination, the angle of inclination of the sun over the horizon and the azimuth of the sun, ambient temperature, surface temperature of photovoltaic modules, air humidity, air pressure, and other factors (for example, wind speed, aerosol composition of the atmosphere, dustiness of the FVM surface). All of the above conditions directly affect the amount of energy produced by the FVM.

The research and experimental experiments carried out in different countries of the world were considered, as well as in the research laboratory of the Department of "Power Engineering" studies were carried out to determine the effect of the surface temperature of the FEM on the performance of the power plant.

Based on the results of the study, the following main conclusions were made:

- the intensity of solar radiation is the main parameter of the energy efficiency of the FVM, and the more sunlight a year, the more electricity is generated;
- seasonal weather changes negatively affect the energy parameters of the solar power plant;
- humidity levels affect solar panel performance and can reduce the efficiency of solar panels installed in cities with high normal humidity levels such as Almaty;
- wind does not affect the operation of the FEM, but cools the FEM and leads to this change, since the wind speed during operation can affect the overall safety of work;
- the main reason for the decrease in output power due to dust accumulation is the decrease in the output current of the cell. If the panels are cleaned every 20-30 days, energy production will increase by an average of 50%.

By determining the energy characteristics of PV modules and monitoring their operation, we can better understand the processes of PV processes and create a cost-effective model of a solar power plant.

Keywords: Renewable energy sources, solar power plant, photovoltaic module, energy characteristics, climate factors of the environment, forecasting of SPP operations.

ӘОЖ 620.92: 621.311.001.57

Е. Хидолда¹, К.С. Жонкешова¹, А. Қараман¹, Ж.Амангелді¹

¹Satbayev University, Қазақстан, Алматы

ФОТОЭЛЕКТРЛІК МОДУЛЬДЕРДІҢ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІНЕ КЛИМАТТЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Андатпа. Әлемдегі күн энергетикасының даму қарқыны заманауи дәстүрлі энергия нысандарымен бәсекелесуге қабілетті болуы, жоғары тиімділіктегі күн электр станцияларын (КЭС) құруға және оны жетілдіруге мүмкіндік береді. Фотоэлектрлік модульдердің (ФЭМ) энергетикалық сипаттамаларын анықтау және оның жұмысына мониторинг жасау арқылы фотовольтаика процестерін тереңірек түсінеміз, сонымен КЭС-тің экономикалық тиімді түрін құра аламыз. Қоршаған ортаның климаттық факторларын ескеру арқылы ФЭМ-ді диагностикалауға болады, сол арқылы КЭС жұмысын болжамдай аламыз.

Түйінді сөздер: Жаңғыртылатын энергия көздері, күн электр станциясы, фотоэлектрлік модуль, энергетикалық сипаттамалар, қоршаған ортаның климаттық факторлары, КЭС жұмысын болжамдау.

Жаңғыртылатын энергия көздерінің (ЖЭК) ішінде қазіргі уақытта күн электр станциялары дамуы жоғары елдерде ғана емес, түрлі климаттық жағдайлары бар әлемнің барлық аймақтарында салынып жатыр. Германиялық DNV GL мамандарының пікірінше, алдағы 20-30 жылда электр энергиясын тұтынудағы ЖЭК-нің үлесі 2 еседен артық өседі. Егер бүгінде ол шамамен 20% - ға бағаланса, 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 40-45% - ға жетеді. Осылайша, күн энергетикасы

жаһандық электр энергиясының 40%-ын өндіретін болады [1].

Қазақстан ЖЭК дамуын жеделдету үшін белсенді іс-қимыл жасауда. Салыстырмалы талдау ҚР-дағы ЖЭК объектілері белгіленген қуатының екі есеге дерлік өсуін көрсетеді (1-кесте) [2]. Тұтастай алғанда ЖЭК объектілері арқылы электр энергиясын өндіру 2019 жылы барлық өндірілетін электр энергиясының шамамен 2%-ын құрады және алдағы уақытта болжамды үлес 2050 жылға қарай 50%-ға дейін өседі деп болжануда.

1-кесте. Қолданыстағы жаңғыртылатын энергия көздері (қондырылған қуат, МВт)
Table 1 - Existing renewable energy sources (installed capacity, MW)

2018 ж. қолданыстағы ЖЭК объектілерінің саны - 67		2019 ж. қолданыстағы ЖЭК объектілерінің саны - 89	
Қондырылған қуат - 531 МВт		Қондырылған қуат - 1022 МВт	
Жел электр станциялары – 121 МВт	Күн энергетикалық қондырғылары - 209 МВт	Жел электр станциялары – 283 МВт	Күн энергетикалық қондырғылары - 513 МВт
Су электр станциялары - 200 МВт	Биоэнергетика саласы - 0,35 МВт	Су электр станциялары – 222 МВт	Биоэнергетика саласы - 2,4 МВт

Қазақстанның географиялық орналасуының солтүстік кеңдігіне қарамастан, елдегі күн энергиясының ресурстары қолайлы климаттық жағдайлардың арқасында тұрақты және қолайлы болып табылады.

Күн батареясының біркелкі жарықтануы оның жоғары экономикалық тиімділігін қамтамасыз етеді. Күн энергетикалық жүйесін жобалау үшін электр энергиясының өндірісін болжау және күн панелін пайдалану жоспарланып отырған аймақтың климаттық ерекшеліктерін ескеру қажет. Осы міндетті шешу үшін, фотоэлектрлік модульдерге климаттық және технологиялық факторлардың әсерін ескере отырып, ФЭМ моделін әзірлеу, атмосфера көрсеткіштеріне және ФЭМ сипаттамаларына бір мезгілде мониторинг жасау, ФЭМ-не сынақтар жүргізу қажет [3].

Мониторинг құрылғыларын, сондай-ақ күн элементтері мен ФЭМ жұмысына әсер ететін факторларды таңдау кезінде нақты жағдайларда панельдердің жұмысы кезінде өтетін түрлі процестерді ескеру қажет. ФЭМ тиімділігіне әсер ететін факторларды негізінен екі топқа бөлуге болады [4]:

- аппараттық (ФЭМ және КЭС құраушы бөліктеріне, құрылымына және жасалу технологиясына, ФЭМ-ді көкжиекке қатысты орналастыру бұрышына, КЭС элементтерінің сипаттамаларына, контроллерге, аккумуляторға, инверторға және т. б. қатысты);

- климаттық (ФЭМ энергетикалық сипаттамаларына әртүрлі климаттық параметрлердің әсерінен туындайтын). Бұл факторларға күн радиациясын, ауа температурасын, ылғалдылықты, жел жылдамдығын және т. б. жатқызуға болады.

Зерттеудің бірінші кезеңінде бізге қоршаған ортаның басым факторларының ФЭМ энергетикалық сипаттамаларына әсерін зерттеу және климаттық факторлардың әсері кезінде ФЭМ

жұмысына мониторинг жүргізуге және басқаруға мүмкіндік беретін құрылғыларды әзірлеу қажет.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ФЭМ жұмысына әсер ететін негізгі климаттық факторларларға келесілер жатады [4]. Олар: күн радиациясы немесе жарықтандыру, қоршаған ортаның температурасы, ФЭМ бетінің температурасы, ауаның ылғалдылығы мен қысымы, жел жылдамдығы, күннің көкжиегі мен күннің азимуты үстінен еңіс бұрышы, сондай-ақ, басқа да факторлар (жел бағыты, атмосфераның аэрозольдік құрамы, бұлттану, ФЭМ бетін шаң және қардың жабуы). Осы аталған факторлардың негізгілеріне анализ жасар болсақ.

Күн радиациясы немесе жарықтандыру. Күн радиациясы негізгі энергия көзі болып табылады, ол ультракүлгін сәулеленуден инфрақызыл сәулеленуге өтетін жарық спектрінде таратылатын электромагниттік сәулелену жиынтығы. Күн сәулесінің спектрін жерге жететін электромагниттік толқындарының ұзындығына сәйкес бірнеше аймаққа бөлуге болады. Бұл аймақтар кемпірқосақтың барлық түстерінен тұрады және 400-ден 700 нанометрге дейін толқын ұзындығынан тұрады. Өндірушілер осы көрінетін аймақтағы жарықты барынша жұтуға ұмтылатын панельдерді өндіруге ұмтылады (1-сурет).

Жер мен ғимараттарға күн радиациясының түсуі географиялық ендік пен жыл уақытына байланысты. Көлбеу беткейге тікелей сәулеленуді астрономиялық факторларды, сонымен бірге, көлбеу мен бағытты ескеретін өрнектер арқылы анықтаймыз (2-сурет) [5].

$$S_{\text{скул}} = S \cos i, \quad (1)$$

мұнда S - сәулелерге перпендикуляр бетке тікелей радиация; $\cos i$ - күн сәулесінің белгіленген бетке құлау бұрышының косинусы.

$$\cos i = \cos \alpha \sin h_g + \sin \alpha \cosh_g \cos \psi, \quad (2)$$

мұнда α - көлбеу биіктігі, i - беткейге күн сәулесінің құлау бұрышы, h_g - күннің биіктігі, ψ - күн азимуттарының және проекцияның айырмашылығы.

Күннің биіктігі h_g нақты уақыт бойынша анықталады:

$$\sin h_g = \sin \varphi \sin \delta + \cos \varphi \cos \delta \cos \alpha \quad (3)$$



1-сурет. Күн сәулесінің спектрі
Figure 1 - Spectrum of sunlight

Тәжірибелік жұмыстар үшін күн сәулесінің абсолютті мәндері емес, көлденең беттің сәулеленуіне қатысты ағындар мен тікелей сәулеленулердің шамалары ерекше маңызды.

ҚР аумағында Күн радиациясы түсуінің орташа мәні 1300 кВт*сағ/жыл, ал біз қарастыратын оңтүстік аймақтарда тіптен 1500-1600 кВт*сағ/жыл құрайтынын ескерер болсақ, ФЭМ тиімділігі үшін бұл фактор ең маңыздысы болатыны сөзсіз [6].


Температура. ФЭМ өндіретін электр энергиясының мөлшеріне әсер ететін негізгі факторлардың бірі - олар жұмыс істейтін температура болып табылады. Әр түрлі ФЭМ қоршаған ортаның жұмыс температурасына әртүрлі әсер етеді, бірақ жалпы жағдайда күн панелінің тиімділігі температураның күрт ұлғаюымен азаяды. Жұмыстың эксперименттік бөлімінде

мұнда φ - ендік, δ - қарастырып отырған күн үшін күннің ауытқуы (оның диапазоны шамамен - $23,45^\circ \leq \delta \leq 23,45^\circ$), τ - күннің сағаттық бұрышы, жарты жыл мезетінен бастап есептеледі.

Өз кезегінде күн азимуттары келесі қатынаспен анықталады:

$$\cos \psi_g = \frac{\sin h_g \sin \varphi - \sin \delta}{\cosh_g \cos \varphi} \quad (4)$$

$$\sin \psi_g = \frac{\cos \delta \sin \tau}{\cosh_g} \quad (5)$$



2-сурет. Тік күн радиациясының көлбеу бетіне түсуі
Figure 2 - Vertical solar radiation incident on an inclined surface

осыған байланысты зертханалық сынақтар жүргізілген.

Жалпы, сарапшылар жақсы табиғи желдетілген жерлерде күн панелін орнатуды ұсынады. Көптеген ФЭМ өндірушілер күн модулінің шыны қабаттарынан жылуды жоюға мүмкіндік беретін жылу өткізгіш төсенішті пайдаланады. ФЭМ неғұрлым сапалы және қымбат болса, соғұрлым жоғары температураларға төзімді жақсы дайындалған болып келеді.


Ылғалдылық. Тұрақты ыстық және ылғалды ауа райы ФЭМ-дің сенімді қызмет етуін нашарлатады және жұмыс істеу мерзімін қысқартуы мүмкін. ФЭМ-ге ылғалдылықтың әсерін шектеу үшін герметиктер және төмен иондық өткізгішті материалдарды пайдалану тиімді.

Күн панелінің энергетикалық сипаттамалары ылғалдылықтың әсеріне

байланысты болуы мүмкін. Егер де ылғалдылық өзгерістерге ұшырайтын болса, жоғарыдағы сипаттаманы құраушы көрсеткіштер де өзгеруі мүмкін. Осы тәуелділікті анықтау үшін Карачи (Пәкістан) қаласында эксперимент ВР 50 күн панелінде жүргізілген [7].

Нәтижелер Карачидегі қалыпты температура 32°C (305K) және 25% ылғалдылықпен есептелген. Ылғалдылықтың деңгейін арттыру үшін, ФЭМ-ді ылғалдаушы жүктемемен байланыстырды және тұрақты қарқындылыққа ұшырайтын вольфрам галогенді шамның көмегін пайдаланып, 60 см қашықта ұстады. Ылғалдылық

гигрометрмен мұқият есептелген. Нәтижелер ылғалдылық біртіндеп ұлғайғанда, көрсеткіштердің күрт өзгеруін көрсетті. Ылғалдылық пен кернеу арасындағы байланысқа сәйкес, ток пен өндірілетін қуат есептеледі (3-сурет). Талдау көрсеткендей, ылғалдылық деңгейі күн панеліне әсер етеді және ылғалдылығы қалыпты деңгейден жоғары болатын аймақтарда орнатылған күн панельдің тиімділігін төмендетеді. Біздің ойымызша, басқа өңірлермен салыстырғанда ылғалдылығы жоғары болатын аймақтарда КЭС жобалау мен құруда осы жағдай ескерілуі қажет.



3-сурет. Кернеудің, токтың және өндірілетін қуаттың қоршаған ортаның ылғалдылығына тәуелділігі

Figure 3 - Dependence of voltage, current and power on the humidity of the environment.

Бұлт жамылғысы мен шаңның әсері. Ауадағы қатты шаң бөлшектер саны күн радиациясына кері әсер етуі мүмкін, ФЭМ бетін осы шаң бөлшектерінің жабуы да қалай әсер етпек? Зигиншордағы (Сенегал) Ассан Сек университетінің (LCPM) материалдар химиясы және физикасы зертханасында бір эксперименттік зерттеу осы тәуелділікті анықтауға бағытталған [8].

Сенегалдағы орташа жылдық сәулелену ұзақтығы шамамен 3000 сағат және сәулелену қарқындылығы - $5,7 \text{ кВт} \cdot \text{сағ}/\text{кв.м}/\text{тәул}$. Зерттеу мақсаты - ФЭМ өнімділігіне шаңның жиналу әсерін бағалау болды. Ондағы күн сәулесінің орташа қарқындылығы $427,8$ -ден $548,2 \text{ Вт}/\text{кв.м}$ дейін өзгереді. Қоршаған ортаның ең төменгі және ең жоғары орташа

температурасы $27,58$ -ден $38,52^{\circ}\text{C}$ аралығында болған.


Эксперимент нәтижесі келесідей болды. Қуат ауытқуы ауа райы жағдайына және күн сәулесіне байланысты өзгерді. Эксперимент басында және бір аптадан кейін екі модульдің (таза және тозандатылған) шығыс қуатында шағын айырмашылық орын алды. Уақыт өте келе шаң басқан модульдің шығу қуаты біртіндеп таза модульге қарағанда азайды, себебі оның бетіне шаңның көптеп шөгуіне байланысты болды. 4-суретте таза және тозандатылған фотоэлектрлік модульдердің орташа шығыс қуатының әр аптаның соңындағы уақыт функциясы түрінде өзгеруі көрсетілген.

Шаңның жиналуына байланысты ұяшықтардың шығу қуатының


төмендеуінің негізгі себебі, әрбір ұяшықтағы шығу тогының төмендеуі. Сондай-ақ, панель бетінде шаң жиналу ФЭМ температурасына айтарлықтай әсер етеді. Шаңның шөгу уақытын өлшеу және шаң қабатының қалыңдығын күн электр станцияларының өндіретін энергиямен салыстыру, ФЭМ-нің бетін уақытында тазалау қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Әрбір 20-30 күн сайын панельдерді тазалайтын болса, энергия өндіру орташа 50%-ға артатынын көреміз.

Енді шаңның әсерімен қоса аспандағы бұлт жамылғысының ФЭМ-ге қалай әсер ететінін Ниамей (Нигер) қаласында жүргізілген тәжірибемен

қарастырайық [9]. Зерттеу үшін қуаты 100 Вт тең екі ФЭМ алынған. Сондай-ақ, деректер жинағын толықтыру үшін CNES-те орнатылған деректер тіркеушісі бар пиранометр пайдаланған. Нәтижесінде (5-сурет), бұлт жамылғысы және ФЭМ бетінде шаң жинау фотоэлектрлік сипаттамаларға үлкен әсерін тигізеді. Бұлттар жабу әсері күн сәулесінің құлауына, демек, қысқа уақыт ішінде шығу қуатына тікелей әсер етеді, ал шаң жиналу әсері өте ұзақ әсер етеді. Осылайша, модульдің қалыпты жағдайларын бұзбау үшін, шаңның жиналуын болдырмас үшін, әсіресе қолайсыз жағдайларда, тазалаған жөн.



4-сурет. Екі панельде әр аптаның соңында алынған орташа шығыс қуаты
Figure 4 - Average power output received at the end of each week on both panels



5-сурет. Бір ай бойында таза және таза емес модуль үшін алынған қуат мөлшері
Figure 5 - The amount of electricity received per month for clean and unclean modules

Жел. Күн батареяларын жел салқындатады. Бұл жалпы ФЭМ-ін өндіруге әсер етпесе де, оның маңызы бар. Цельсий бойынша 1 градусқа салқындатылған күн батареялары 0,05 пайызға тиімдірек. Бұл пайыз уақытпен қалыптасады. Жел күн энергиясын пайдалану тиімділігіне кері әсер етеді, ол жиі ылғалдылық факторын теңгеруге көмектеседі.

Зерттеушілердің түрлі климаттық факторлардың ФЭМ тиімді жұмысына әсерін анықтау жөніндегі жұмысын зерттей және талдай келе, ендігі мақсатымыз зертхана жағдайында нақты ФЭМ-ін осы факторларға сынап көру.

Сонымен, қоршаған орта температурасының КЭС-не әсерін талдау үшін, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (Satbayev University) "Энергетика" кафедрасында жыл маусымдарында СНН250-60Р типті ФЭМ-і сыналды, оның тиімділігі анықталды.

Күн панелі бетінің температурасының қоршаған орта температурасына тәуелділігін келесідей анықтауға болады:

$$T_{pi} = T_{қоршаған} + \frac{E_i}{800} (T_{максим} - 20^{\circ}\text{C}) \quad (6)$$


мұндағы $T_{\text{прі}}$ - ФЭМ бетінің температурасы, °С; E_i - күн сәулесінің жарықтану деңгейі, Вт/кв.м.; $T_{\text{қоршаорта}}$ - есептік нүктедегі қоршаған ортаның температурасы, °С; $T_{\text{п.экс}}$ - ФЭМ-ді пайдаланудың қалыпты температурасы.

Сонымен, белгілі бір айдың нақты күні үшін ФЭМ бетінің температурасы есептелді. Бұл ретте Алматы қаласы үшін күн сәулесінің түсуі NASA SSE (NASA Surface Meteorology and Solar Energy) [10] базасынан алынды.

Төменде есептеу нәтижелері мен ФЭМ бетінің өлшенген температурасы және ауа температурасы келтірілген (6-сурет). Бұл жағдайда ФЭМ тиімділігі келесі тәуелділікке байланысты анықталады:


$$\eta_{\text{прі}} = \eta_0(1 - 0,0045 \cdot (T_{\text{прі}} - 25)) \quad (7)$$

мұндағы $\eta_{\text{прі}}$ - ФЭМ-дің ПӘК-і, %, η_0 - 250С температура кезіндегі ФЭМ-дің ПӘК-і, %.




6-сурет. Температураның уақытқа байланысты өзгерісі (ФЭМ бетінің есептік, беттегі өлшенген және ФЭМ-дің астындағы ауа температуралары)

Figure 6 - Change in temperature over time (calculated, measured on the surface of the FVM surface and the air temperature under the FVM)



7-сурет. Өртүрлі жыл кезеңінің нақты бір күніндегі ФЭМ беті температурасының өзгерісі

Figure 7 - Change in the surface temperature of the FVM on a certain day of different seasons



8-сурет. ФЭМ-дің беткі температурасы мен есептелген мәндерінің негізінде алынған ПӘК-і


Figure 8 - Efficiency based on surface temperature and calculated FVM values

Сондай-ақ белгілі бір айда күн сәулесі түсуіндегі ФЭМ-гі ауа температурасының өзгеруі 7-суретте көрсетілді. ФЭМ-дегі температураның өлшенген және есептелген мәндері таңғы және кешкі уақыттарда өте ерекшеленеді. ФЭМ-дегі температураның өлшенген мәндері қысқы күндерде 40°C дейін, ал жаз мезгілінде 70°C дейін жетеді. 8-суретте ФЭМ беттік температурасының өлшенген мәндерінің негізінде алынған күн панелінің ПӘК-і келтірілді, ал жылдың әртүрлі кезеңдеріндегі алынған ФЭМ ПӘК-нің өзгеру графигі 9-суретте көрсетілген. Нәтижелер күн сәулесі кезінде ауа-райының мезгілдік өзгерістері фотоэлектрлік станцияның энергетикалық параметрлеріне әсер ететіндігін көрсетті, ал жазда панельдердің температурасы 70°C және одан жоғары температураға дейін қызатынын көруге болады.

Алынған мәліметтер ФЭМ-нің тиімділігі жыл мезгілінде 8-21%-ға төмендейтінін көрсетті. Қыста ФЭМ 40°C температураға дейін қызады, ал ФЭМ-дің тиімділігі 7-8% төмендейді, ал жазда ФЭМ бетіндегі температура 70°C -қа жетеді, тиімділігі 20-21% дейін төмендеуі мүмкін.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бойынша келесі негізгі тұжырымдар алынды:

1) Күн радиациясының қарқындылығы ФЭМ-дің энергетикалық



9-сурет. Жылдың әр түрлі кезеңдеріндегі алынған ФЭМ-дің ПӘК-і

Figure 9 - FEM efficiency obtained at different times of the year

көрсеткіштерінің негізгі параметрі болып табылады және жылына күн ашық болған сайын соғұрлым көп электр қуаты өндіріледі;

2) Ауа-райының мезгілдік өзгерістері КЭС энергетикалық параметрлеріне кері әсерін тигізеді;

3) Ылғалдылық деңгейі күн панелінің жұмысына әсер етеді және қалыпты ылғалдылық деңгейі жоғары болатын қалаларда, мысалы, Алматыда орнатылған күн панелінің тиімділігін төмендетуі мүмкін;

4) Жел ФЭМ-і өнімділігіне әсерін тигізбейді, бірақ ол ФЭМн салқындатады және бұл өзгеріске әкеледі, сонымен бірге эксплуатация кезінде желдің қарқыны жалпы жұмыс қауіпсіздігіне әсерін тигізуі мүмкін;

5) Шаңның жиналуына байланысты шығу қуатын төмендетудің негізгі себебі, ұяшықтың шығыс тоғының азаюы. Панельдер 20-30 күнде бір рет тазаланып отырса, энергия өндіру орташа есеппен 50%-ке артады.

Сонымен, ФЭМ орнатпас бұрын атмосфералық параметрлердегі өзгерістерді ескере отырып, оның энергетикалық сипаттамаларын бағалау үшін нақты ФЭМ-ді сынау және белгілі бір аймақта электр энергиясын өндіруді болжау әдістемесін жасау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Energy media. [Электронды ресурсы] <https://energy.media/2019/03/12/solnechnaya-energetika-stanet-preobladat-na-planete-k-2050-godu/>.
- [2] Renewable Energy Systems Development in Kazakhstan Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan Since 2019 [Электронды ресурсы] / <https://primeminister.kz/en/news/po-itogam-2019-goda-v-kazahstane-budut-deystvovat-87-obektov-vozobnovlyаемых-istochnikov-energii-minenergo>.
- [3] А.В. Юрченко, А.В. Волгин, А.В. Козлов. Автоматизированные системы контроля и управления солнечными энергетическими системами / Инноватика-2016: XII Международная школа-конференция студентов, аспирантов и молодых ученых, 20-22 апреля 2016 г., Томск, Россия - 149-154 стр.
- [4] Е. Хидолда, К. С. Жонкешова, А. Б. Бетекбаев. Диагностика солнечных панелей – основная мера для прогнозирования солнечных электростанций / РК Том II, Алматы, 2019: Труды Международной практической конференции «Сатпаевские чтения-2019», «Инновационные технологии - ключ успешному решению фундаментальных и прикладных задач в рудном и нефтегазов. сектор. эконом.», 1020-1024 стр.
- [5] С.В. Исаков, В.А. Шкляев. Оценка поступления солнечной радиации на естественные поверхности с применением геоинформационных систем. Географический вестник – Метеорология, Пермский университет, 2012, 72-80 стр.
- [6] Alteco Альтернативная энергетика и Экотехнологии. [Электронды ресурсы] <https://alteco.in.ua/technology/solar-energy/perspektivy-razvitiya-solnechnoj-energetiki-kazahstana>.
- [7] Manoj K.P. The effect of humidity on the efficiency of a solar cell (photovoltaic) International Journal of Engineering Research and General Science Volume 2, Issue 4, June-July, 2014. ISSN 2091-2730.
- [8] A. Sidibba1, D. Ndiaye, D. Kobor, E. Menny, Experimental study of dust accumulation effect on photovoltaic solar module performance in Ziguinchor Senegal/ J Fundam Appl Sci. 2019, 11(2), 804-819.
- [9] Abdoulatif Bonkaney, Saidou Madougou, Rabani Adamou, Impacts of Cloud Cover and Dust on the Performance of Photovoltaic Module in Niamey/ Hindawi Journal of Renewable Energy Volume 2017, Article ID 9107502, 8 pages.
- [10] NASA Technical Reports Server [Электронды ресурсы] /<https://ntrs.nasa.gov/search.jsp?R=20080012141>.

REFERENCES

- [1] Energy media. [Electronic resource] <https://energy.media/2019/03/12/solnechnaya-energetika-stanet-preobladat-na-planete-k-2050-godu/>.
- [2] Development of renewable energy systems in Kazakhstan Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan since 2019 [Electronic resource] / <https://primeminister.kz/en/news/po-itogam-2019-goda-v-kazahstane-budut-deystvovat-87-obektov-renewable-energy-sources-minenergo>.
- [3] A.V. Yurchenko, A.V. Volgin, A. Kozlov. Automated control and management systems for solar energy systems / Innovation-2016: XII International School-Conference for Students, Postgraduates and Young Scientists, April 20-22, 2016, Tomsk, Russia - p. 149-154.
- [4] E. Hidolda, K. S. Zhonkeshova, A. B. Betekbaev. Diagnostics of solar panels is the main measure for forecasting solar power plants / Volume II RK, Almaty, 2019: Work of the International Practical Conference "Satpayev Readings-2019", "Innovative technologies are the key to success and success." sector. economy. ", 1020-1024 p.
- [5] S.V. Isakov, V.A. Shklyayev. Assessment of the appearance of solar radiation on natural surfaces using geographic information systems. Geographical Bulletin - Meteorology, Perm University, 2012, 72-80 p.
- [6] Alternative Energy and Ecotechnology Alteco. [Electronic resource] <https://alteco.in.ua/technology/solar-energy/perspektivy-razvitiya-solnechnoj-energetiki-kazahstana>.
- [7] Manoj K.P. Effect of humidity on the efficiency of a solar cell (photovoltaic) International Journal of Engineering Research and General Science Volume 2, Issue 4, June-July, 2014. ISSN 2091-2730.
- [8] A. Sidibba1, D. Ndiaye, D. Kobor, E. Menny, Experimental Study of the Effect of Dust Accumulation on the Performance of a Photovoltaic Solar Module at Ziguinchor Senegal / J Fundam Appl Sci. 2019, 11 (2), 804-819.
- [9] Abdoulatif Bonkaney, Saidu Madugu, Rabani Adamu, The effect of cloudiness and dust on the operation of the photovoltaic module in Niamey / Hindawi Renewable Energy Journal, Volume 2017, Article ID 9107502, 8 pages.
- [10] NASA Technical Reports Server [Electronic resource] <https://ntrs.nasa.gov/search.jsp?R=20080012141>.

ФОТОЭЛЕКТРЛІК МОДУЛЬДЕРДІҢ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІНЕ КЛИМАТТЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Хидолда Еркин, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Satbayev University, Алматы, Қазақстан, y.khidolda@satbayev.university, yerkinhidolda@gmail.com.

Жонкешова Кенжегүль Сейсенбековна, 6D071800 - Электр энергетикасы мамандығының 2 курс докторанты, Satbayev University, Алматы, Қазақстан, zhonkeshovaks@gmail.com.

Қараман Абай, 6D07112 - Электр энергетикасы мамандығының 1 курс докторанты, Satbayev University, Алматы, Қазақстан, abay.karaman@gmail.com.

Амангелді Жасұлан Нұрболұлы, 7M07113 – Электротехника және энергетика мамандығының 1 курс магистранты, Satbayev University, Алматы, Қазақстан.